

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
2024-20 05
Алғашқы тіркелген күні 31 07
Филиал НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
проислема государственная перерегистрация
юридического лица 20 05 2024
Дата первичной регистрации 31 07 2024
БСН/БИН 090740079001

"Фридом Финанс" акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2024 жылғы 14 мамыр №05/14 хаттама)
БЕКІТІЛГЕН

**«Фридом Банк Қазақстан»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қ.
2024 жыл

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және бұдан әрі "Банк" деп аталатын "Фридом Банк Қазақстан" акционерлік қоғамының құқықтық мәртебесін айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Банктің атауы

Банктің толық және қысқаша атауы:

	Толық атауы	Қысқаша атауы
Қазақ тілінде:	«Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы	«Фридом Банк Қазақстан» АҚ
Орыс тілінде:	Акционерное общество «Фридом Банк Казахстан»	АО «Фридом Банк Казахстан»
Ағылшын тілінде:	«Freedom Bank Kazakhstan» Joint Stock Company	«Freedom Bank Kazakhstan» JSC

2-бап. Банктің атқарушы органының орналасқан жері

«Банктің атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000 (A05E8Y2), Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Құрманғазы көшесі, 61А-үй».

3-бап. Банктің құқықтық мәртебесі, қызметінің құқықтық негіздері және жауаптылығы

1. Банк – коммерциялық ұйым болып табылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға.

Банк Қазақстан Республикасының бірыңғай банктік жүйесіне енеді.

2. Банк Директорлар кеңесінің шешімі негізінде уәкілетті органның келісімінсіз Қазақстан Республикасының аумағында өзінің оқшауланған бөлімшелерін филиалдары мен өкілдіктерін ашуға құқылы.

3. Банк Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Заңының 8-бабымен ұсынылған өкілеттіктерді жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органның алдын-ала

рұқсаты болған жағдайда ғана еншілес ұйымын құрады және иеленеді. Еншілес ұйымды құру немесе алуға рұқсат беру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Банктің еншілес ұйымына Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес оларды кепіл ретінде қабылдаған жағдайда жарғылық капиталға қатысу акциялары немесе үлесі Банктің меншігіне ауысатын заңды тұлғалар жатпайды, сонымен қатар жарғылық капиталға қатысу осындай акцияларын немесе үлесін сату мерзімі он екі айдан аспауы керек, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда қоспағанда.

4. Банк мемлекеттің Банк міндеттемелері бойынша жауап бермейтіні сияқты мемлекет те Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, Банк немесе мемлекет өзіне осындай жауаптылық қабылдайтын жағдайларды қоспағанда.

Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз міндеттемелері бойынша жауаптылық көтереді.

Банк акционерлердің міндеттемелері бойынша жауаптылық көтермейді.

Банк акционері Банк міндеттемелері бойынша жауаптылық көтермейді және өзіне тиесілі сомалар құны шегінде Банк қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда қоспағанда.

5. Банк өз қызметінде төмендегілерді басшылыққа алады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын;
- 2) Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шарттарды;
- 3) осы Жарғыны;
- 4) Банктің корпоративтік басқару кодексін және басқа оған уәкілетті органдармен, Банктің лауазымды тұлғаларымен және өзге қызметкерлерімен белгіленген тәртіпте бекітілген Банктің өзге де ішкі құжаттарын;
- 5) уәкілетті органдар мен банк тұлғаларының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдерімен.

4-бап. Банктің деректемелері және корпоративтік интернет-қоры

1. Банк мөрге, өз атауымен және тауар белгісімен (қызмет көрсету белгісі) мөртабандарға, бланктерге және оны дараландыру (сәйкестендіру) және қызметіне қажетті өзге де деректемелерге ие.

2. Банктің корпоративтік интернет – қоры Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес ол туралы және оның қызметі туралы ақпаратты ашуға арналған.

Корпоративтік интернет ресурстың мекенжайы www.freedombank.kz .

2-тарау. БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІ

5-бап. Банк қызметінің мақсаты мен түрлері

1. Банк қызметінің негізгі мақсаты банктік және банктік қызметті жүргізуге рұқсат етілген банктік және өзге операциялардан табыс табу, және бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүргізу табылады.
2. Осы баптың 1-т. көрсетілгеннен басқа Банк қызметінің өзге мақсаты олардың құзыреті шегінде Банктің органдарымен белгіленеді.
3. Банк қызметтің төмендегі түрлерін жүзеге асырады:
 - 1) Банктік қызметті;
 - 2) банктермен жүргізуге рұқсат етілген бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүргізуге тыйым салынбаған қызметтің өзге де түрлері.
4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мен Банк тиісті лицензиялар негізінде және осындай лицензияларға сәйкес жүргізеді.
5. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Банктің басқа банктермен және қаржы ұйымдарымен, сондай-ақ клиенттермен қарым-қатынасы шарттар негізінде жүзеге асырылады.

3-тарау. БАНКТИҢ МҮЛКІ, ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ҚОР КАПИТАЛЫ

6-бап. Банктің мүлкі

1. Банктің мүлкі жарғылық капиталдан, экономикалық капиталдан, өзге де резервтерден, бөлінбеген таза кірістен, құны банктің балансында көрсетілетін негізгі және айналым қаражатынан тұрады.
2. Мүлік Банкке меншік құқығында тиесілі.
3. Банк мүлкінің қалыптасу көзі болып табылады:
 - 1) Банктің Жарғылық капиталы;
 - 2) Банк қызметінен алынған табыс;

- 3) Қазақстан Республикасы заңнама актілерімен тыйым салынбаған өзге де көздер.
4. олармен құралатын филиалдар және өкілдіктер мүлкі Банктің меншігі болып табылады.
5. Банк өз қызметін жүзеге асыру үшін шартты бастамаларда оған жеке және заңды тұлғалармен (оның ішінде бейрезиденттермен) ұсынылған мүлікті пайдалануға құқылы.

7-бап. Банктің жарғылық капиталы

Банктің жарғылық капиталы олардың атаулы құны бойынша құрылтайшыларға (дара құрылтайшыға) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес белгіленетін және талаптарға сәйкес орналастыру бағасы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында білдірілетін инвесторларға сату жолымен құралады.

8-бап. Банктің акциялары

1. Банк туынды бағалы қағаздар, опциондар мен айырбасталатын бағалы қағаздар, сондай-ақ бағалы қағаздар шығаруға, орналастыруға, айналымына және сатып алуға қатысты бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте және шарттарда кез келген өзге бағалы қағаздар шығаруға құқылы.
2. Егер акциялар бойынша дивидендтерді есептеу пруденциалдық нормативтердің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мәндерден төмен төмендеуіне әкеп соқтырса, Банктің атқарушы органының артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді есептемеу құқығы шығарылым проспектісінде көзделетін жай акцияларды не жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Артықшылықты акциялардың саны Банктің жарияланған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс.
3. Банкке «алтын акция» шығаруға тыйым салынған.
4. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады.
5. Акция бөлінбейді. Егер акция жалпы меншік құқығында бірнеше адамға тиесілі болса, олардың бәрі бір акционер болып танылады және өз ортақ өкілі арқылы акциялармен куәландырылған құқықты пайдаланады.
6. акцияның осы түріндегі өзге иегерлермен бірдей бір түрдегі акция оған ие әрбір акционерге ұсынылады, егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасымен өзгедей көзделмесе.
7. бір жай акция бір дауыс құқығын береді.
8. Акциялар ақшамен төленеді, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда.

9. Банк Жарғылық капиталының ұлғаюы Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүргізіледі.
10. орналастырылған акцияларды сатып алу Банк бастамасы бойынша оларды кейін сату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға қайшы емес өзге мақсаттарда Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен белгіленген тәртіпте Банк оларды сатып алған жағдайда акция құнын белгілеу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.
11. Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі, егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен және (немесе) осы Жарғымен өзгедей белгіленбесе.
12. Банк өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқығы жоқ:
 - 1) акционерлердің бірінші Жалпы жиналысын өткізгенге дейін;
 - 2) акцияларды орналастыру қорытындысы туралы есепті бекіткенге дейін;
 - 3) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің меншік капиталының мөлшері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен белгіленген меншік капиталының ең төменгі мөлшерінен аз болады;
 - 4) егер акцияларды сатып алу сәтіне Банк Қазақстан Республикасының сауықтыру және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігіне немесе дәрменсіздігіне жауап береді немесе аталған белгілер барлық талап етілетін немесе акцияларды болжамды сатып алу нәтижесінде пайда болады;
 - 5) егер сотпен немесе Банк акционерлерінің Жалпы жиналысымен оны тарату туралы шешім қабылданса.
 - 6) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда.
13. Егер Банк бастамасы бойынша сатып алынатын оның орналастырылған акциялары олардың жалпы санының бір процентінен асатын болса, акцияларды сатып алу-сату мәмілесін (мәмілелерді) жасасқанға дейін ол заңмен белгіленген тәртіпте өз акционерлеріне осындай сатып алу туралы жариялауға міндетті.
14. Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Директорлар Кеңесінің шешімінде ол сатып алатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, оларды сатып алу мерзімі мен шарттары туралы мәліметтер болуға тиіс.

15. оның акционерлеріне мәлімденген Банкпен төлеу жарияланған акциялар санынан асатын жағдайда осы акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына пропорционал төленеді.
16. орналастырылған акцияларды төлеу онымен төмендегі жағдайларда қойылатын Банк акционерінің талабы бойынша Банкпен жүргізілуі тиіс:
 - 1) акционерлердің Жалпы жиналысында Банкті қайта ұйымдастыру туралы шешім (егер акционер Банкті қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің Жалпы жиналысына қатысса, оған қарсы дауыс берсе) қабылдаған;
 - 2) акционерлердің Жалпы жиналысымен Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған (егер акционер акционерлердің Жалпы жиналысына қатыспаса және көрсетілген шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе);
 - 3) сауда-саттық ұйымдастырушысымен Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылданған;
 - 4) жасасылуында Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен және осы Банктің Жарғысымен белгіленген тәртіпте қабылданған Банкпен ірі мәміле және (немесе) мүдделілік бар мәміле жасасу туралы шешімге келіспеу;
 - 5) акционерлердің Жалпы жиналысымен Банктің Жарғысына осы акционерге (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің Жалпы жиналысына қатыспаса, немесе ол осы жиналысқа қатысса және аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе) тиесілі акциялар бойынша құқықты шектейтін өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған;
 - 6) акционерлердің жалпы жиналысының акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын айқындау бөлігінде оларды ұйымдастырылмаған нарықта Банк сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдауы (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе).
17. Акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды Банктің сатып алуы Банкпен Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен белгіленген тәртіпте бекітілген бағалы қағаздар ұйымдастырылмаған нарығында сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.
18. Акционер осы баптың 16-т. көрсетілген шешімді қабылдаған күннен бастап немесе сауда –саттықты ұйымдастырушысымен Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған күннен бастап отыз

күн ішінде Банкке оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы Банкке жазбаша өтінім негізінде талап қоюға құқылы.

19. осы баптың 18-т. көрсетілген өтінімді алған күннен бастап отыз күн ішінде Банк акционерден акцияларды сатып алуға міндетті.
20. Банкпен сатып алынған немесе орналастырылған акциялардың жалпы саны орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы керек, ал Банкпен орналастырылған акцияларды сатып алу шығыны оның меншік капиталы мөлшерінің он пайызынан аспауы керек:
 - 1) акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алған жағдайда – күннің жай-күйі бойынша:

акционерлердің Жалпы жиналысымен осы баптың 16-т. 1.), 2.) және 5.)-т.т. көрсетілген шешімдер;

сауда-саттық ұйымдастырушысымен Банктің акцияларының делистингі туралы шешім қабылдау;

ірі мәміле жасасу және (немесе) жасасылуында Банкпен мүдделілік бар мәміле жасасу;
 - 2) Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алған жағдайда - Банктің орналастырылған акцияларын сатып алу бойынша шешім қабылданған күн жай-күйі бойынша.
21. Банкпен сатып алынған акциялар акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын анықтаған кезде ескерілмейді және оған дауыс беруге қатыстырылмайды.

9-бап. Банктің экономикалық капиталы және резервтері

1. Елеулі тәуекелдерді, оның ішінде банк қабылдаған әлеуетті тәуекелдерді жабу мақсатында Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда меншікті модельдерді пайдалана отырып есептелген экономикалық капиталды қалыптастырады.
2. Жүргізілетін операциялардың сипаты мен ауқымына сәйкес өз қызметін бақылаудың тиісті деңгейін және сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында банктер Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес провизиялар (резервтер) құруға міндетті.

4-тарау. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10-бап. Акционерлердің құқықтары мен міндеттері

1. Акционерлер құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және осы Жарғымен көзделген тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
- 1-1) Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетінше немесе басқа акционерлермен бірге иеленген кезде директорлар кеңесіне осы Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынсын;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) ақпаратты қоспағанда, Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында немесе осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Банктің қаржылық есептілігімен танысуға:
талап қойылған күнге депозитарийдің интернет-ресурсында жарияланған қаржылық есептілік;
соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылатын (акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде берілген жағдайда);
акционер өтініш берген күнге орындалуы жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Банк қызметінің өткен кезеңдеріне (акционер өтініш берген күнге дейін үш жылдан астам) қатысты;
- 4) орталық депозитарийден немесе оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын атаулы ұстаушыдан үзінді-көшірме алуға;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысына Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 6) сот тәртібінде Банктің органдарымен қабылданған шешімдерді даулауға;
- 7) жеке немесе жиынтық өзге акционерлермен Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызына ие жағдайда Банкке келтірілген залалды Банктің лауазымды тұлғаларының өтеуі және Банкке лауазымды тұлғалардың және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасасылуында мүдделілік бар ірі мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) талабымен Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгінуге;
- 8) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұраулармен жүгінуге және Банкке сұрау түскен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде дәлелді жауап алуға;
- 9) Банк тараған жағдайда мүліктің бөлігіне;
- 10) оның акцияларына айырбасталатын акцияларды немесе Банктің бағалық қағаздарын артықшылықты сатып алу, Қазақстан

Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен, заң актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда;

- 11) Банк акциялары санын өзгерту немесе Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен көзделген тәртіпте олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдайтын акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға;
2. Акционерлер - артықшылықты акциялар иелері акционерлер - жәй акциялар иелері алдында осы Жарғымен алдын ала белгіленген кепілді мөлшерде дивидендтер алуға, және Банк тараған жағдайда Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген тәртіпте мүліктің бөлігін алуға. Банктің артықшылықты акциялар саны оның жарияланған акциялары жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы керек.
3. Артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға немесе Жалпы жиналысқа қатысу құқығын ұсынбайды, төмендегі жағдайларды қоспағанда, егер:
 - 1) Акционерлердің жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акцияларға иелік ететін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарайды. Мұндай мәселе бойынша шешім орналастырылған (сатып алынған акцияларды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу үшін дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі. Артықшылықты акцияларға иелік ететін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім қабылдау мәселелеріне мыналар жатады (туралы):
 - артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерін азайту немесе есептеу тәртібін өзгерту;
 - артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;
 - артықшылықты акцияларды Банктің жай акцияларына айырбастау;
 - артықшылықты акцияларды бөлу.
4. Артықшылықты акцияның меншік иесі болып табылатын Банк акционері іштей тәртіпте өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселерді талқылауға қатысуға құқылы.
5. Ірі акционер (Банктің дауыс беруші акцияларының он және онан көп пайызы жататын (жиынтығында) олардың арасында жасасылған келісімдер негізінде әрекет ететін акционер немесе бірнеше акционерлер түсіндіріледі), сондай-ақ төмендегілерге құқылы:
 - 1) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда талаппен сотқа жүгінуге;

- 2) Директорлар кеңесі мәжілісін шақыруды талап етуге;
 - 3) Банк аудитінен өз есебінен аудиторлық ұйымдастыру жүргізуін талап етуге.
6. Банк акционері міндетті:
- 1) акциялар төлеуге;
 - 2) он жұмыс күні ішінде орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысына Банк акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы мәлімдеуге;
 - 3) Банк туралы немесе қызметтік, оның коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;
 - 4) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнама актілеріне сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға.
7. Банк, орталық депозитарий және (немесе) атаулы ұстаушы акционердің осы баптың 6-т. 2.)т.т. белгіленген талаптарды орындамау салдарына жауаптылық көтермейді.
8. осы баптың 1 және 5)т. белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

5-тарау. ТАБЫС, ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

11-бап. Акциялар бойынша дивидендтер

1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Салық және өзге де міндетті аударымдар төленгеннен кейін банктің меншігінде қалатын таза табыс Банктің қорларын құру, экономикалық капиталды қалыптастыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес акциялар бойынша дивидендтер төлеу үшін пайдаланылады.
2. Жыл қорытындысы бойынша Банктің жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Банктің қаржы есебі аудитін жүргізгеннен кейін ғана тиісті кезеңге акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Дивидендтер акция санына пропорционал төленеді.
3. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы Банктің жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
4. Банктің жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және өзге деректемелері;
 - 2) дивидендтер төленетін кезең;
 - 3) бір жәй акция есебіне дивиденд мөлшері;
 - 4) дивидендтер төлемі басталған күн;
 - 5) дивидендтер төлем тәртібі және нысаны;
 - 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болса).
5. Дивидендтерді төлеу Банктің акцияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болған кезде жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

Акционердің маңызды деректемелері болмаған жағдайда жәй акциялар бойынша дивидендтер төлеу Банктің акция ұстаушылар тізілімі жүйесіне қажетті мәліметтер енгізуді растайтын құжатпен акционердің Банкке жүгінген кезінен бастап тоқсан күн ішінде жүргізілуі тиіс.

6. Банктік акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Банк акционерлерінің Жалпы жиналысында Банктің дауыс беруші акцияларының жәй көпшілік дауысымен қабылданған шартта Банктің ақшасымен немесе құнды қағаздарымен төленеді, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталған кезде Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу банк органының шешімін талап етпейді.

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін оның жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу жүргізілмейді. Банктің артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздар бойынша дивидендтер төлеуге рұқсат етілмейді.

Оның бағалы қағаздары бойынша Банктің жәй акциялары бойынша дивидендтер төлеу осындай төлем Банктің жарияланған акцияларымен және акционердің жазбаша келісімі жағдайында олармен шығарылған облигациялармен жүргізілетін шартта ғана жүзеге асырылады.

Дивидендтер алуға құқылы акционерлер тізімі дивидендтер төлемі басталған өткен күнге жасалуы керек.

Төленбеген дивидендтермен акцияларды иелігінен шығару акцияның жаңа меншік иесімен оларды алу құқығымен жүргізіледі, егер акцияларды иелігінен шығару шартымен өзгедей көзделмесе.

Дивидендтер банктің өзі орналастырмаған немесе сатып алмаған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Банк акционерлерінің жалпы

жиналысы банкті тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.

7. Жарғының 11-бабы 8-тармағының негіздері бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, акционер Банктің берешегінің құрылу мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге ақшалай міндеттеме орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін дивидендтер мен өсімпұлдардың негізгі сомасы төленеді.
8. Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге жол берілмейді:
 - 1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Банктің меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;
 - 2) егер Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер банкте оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса;
 - 3) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" және "бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда.
9. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу кезеңділігі жылына екі рет, жай акциялар бойынша дивидендтер жылына бір рет – аяқталған жылдың қорытындысы бойынша төленеді.
10. Банктің артықшылықты акциялары бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері сол кезеңдегі Банктің жай акциялары бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмауы тиіс. Осы кезеңде Банктің жай акциялары бойынша есептелетін дивидендтер мөлшері жоғарыда көрсетілген мөлшерден асатын жағдайларды қоспағанда, бір артықшылықты акцияға дивиденд мөлшері жылына - 80,00 KZT (сексен теңге) мөлшерінде белгіленеді – бұл жағдайда бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері бір жай акцияға төленген дивидендке тең шаманы құрайды.

6-тарау. БАНКТІ БАСҚАРУ

12-бап. Банктің органдары

Банктің органдары болып табылады:

- 1) жоғарғы орган – Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі қоғамда, - осы акционер);
- 2) басқару органы – Банктің Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Банк Басқармасы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де органдар.

13-бап. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы

1. Егер Банктің барлық дауыс беруші акциялары бір акционерге тиесілі болса, акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және акционерлердің Жалпы жиналысына қатысты мәселелер бойынша шешімдер акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне осындай акционермен жеке қабылданады және осы шешімдер куәландырылған артықшылықты акцияларға қысым көрсетпейді және шектемейді.

Егер банктің барлық дауыс беретін акцияларын иеленетін жалғыз акционер немесе тұлға заңды тұлға болса, онда "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес осындай шешімдер қабылдауға құқығы бар орган, банктің лауазымды адамдары немесе қызметкерлері қабылдайды.

2. Акционерлердің Жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Банк жыл сайын акционерлердің Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

- 1) Банктің аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
- 2) банктің өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай және артықшылықты (егер қолданылса) акциясына есептегенде дивиденд мөлшері айқындалады;
- 3) акционерлердің Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.

Директорлар кеңесінің төрағасы Банктің Директорлар кеңесі және Банктің атқарушы органы мүшелерінің құрамы және олардың сыйақы мөлшері туралы мәлімдейді.

Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы шешім қабылдау
Акционерлердің Жалпы жиналысының құзыретіне жататын өзге
мәселелерді де қарауға құқылы.

4. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген уақытта Басқарма орналасқан жерде өткізілуі керек.
5. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Директорлар кеңесімен шақырылады. Банк органдары акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның талабымен қабылданған сот шешімі тәртібінде шақырылады және жүргізіледі.
6. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша шақырылады. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы Банктің ірі акционерінің талабы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылады және өткізіледі, егер Банк органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы талапты орындамаса.
7. Акционерлердің Жалпы жиналысын әзірлеу және өткізу:
 - 1) Басқармамен;
 - 2) онымен жасасылған шартқа сәйкес орталық депозитариймен;
 - 3) Директорлар кеңесі;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында, банктің тарату комиссиясында көзделген жағдайларда.
8. Акционерлерге алдағы жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, ал өткізілген кезде бір немесе одан да көп акционерлерге хабарлау үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында – жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірмей хабарлануға тиіс.
9. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде акционерге оған жазбаша хабарлама жөнелту арқылы жүргізіледі.

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама акционерлерге қағаз тасымалында немесе электрондық нысанда жөнелтіледі.
10. Миноритарлы акционер акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдаған кезде өзге акционерлермен бірігу мақсатында орталық депозитарийге жүгінуге құқылы.

11. Акционерлердің Жалпы жиналысын қайтадан өткізу акционерлердің Жалпы жиналысын бастапқы (болмай қалған) белгіленген күннен кейін келесі күннен ерте тағайындалмайды. Акционерлердің Жалпы жиналысын қайтадан өткізу акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысы өтетін жерде өткізілуі тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің өткізілмеген Жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі тиіс.
12. Акционерлердің Жалпы жиналысы егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу сәтіне (барлық бюллетеньдерді ұсыну күніне немесе сырттай дауыс беру арқылы акционерлердің Жалпы жиналысын өткізген кезде бюллетеньдер ұсыну мерзімі аяқталу күніне) оған қатысуға және Банктің дауыс беруші акцияларының жиынтық елу және онан жоғары пайызына ие дауыс беруге құқылы акционерлер тізіміне енгізілген акционерлер (акционерлер өкілдері) тіркелген болса, күн тәртібі мәселелері бойынша қарауға және шешім қабылдауға құқылы.
13. Акционерлердің Жалпы жиналысын ашқанға дейін келген акционерлерді (акционер өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқауды қамтитын сенімхатты ұсыну керек.
14. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығына заңды тұлғалар өкілдерінің сенімхаты нотариалды куәландыруды талап етпейді.
15. Тіркеуден өтпеген акционер (акционер өкілі) кворум белгілеуде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
16. Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болған жағдайда жарияланған уақытта ашылады.
17. Акционерлердің Жалпы жиналысы бұрын жарияланған уақыттан ерте ашылмайды, барлық акционер (акционер өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыс ашу уақытын өзгертуге қарсы емес жағдайды қоспағанда.
18. Акционерлердің Жалпы жиналысы төрағаны (төралқаны) және акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысына сайлау жүргізеді.
19. Акционерлердің Жалпы жиналысы дауыс беру түрін белгілейді – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша). Төрағаны (төралқаны) және акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс бергенде әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылар санының жәй көпшілік дауысымен қабылданады.
20. Басқарма мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысына төрағалық етпейді, барлық қатысушылар Басқармаға енетін жағдайды қоспағанда.
21. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы қаралатын мәселе бойынша, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы пікірталасты тоқтату туралы ұсыныс беруге құқылы.

22. Төраға күн тәртібі мәселесін талқылауға қатысуға құқылы тұлғалардың сөздеріне кедергі келтіруге құқығы жоқ, осындай сөздер акционерлердің Жалпы жиналысы регламентінің бұзылуына әкелетін немесе осы мәселе бойынша пікірталас тоқтатылатын жағдайларды қоспағанда.
23. Акционерлердің Жалпы жиналысы өз жұмысының үзілісі және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінің жекелеген мәселелерін келесі күні қарауды ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
24. Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелерін қарағаннан және олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.
25. Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтерді толықтығына және шынайылығына жауап береді.
26. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте сырттай дауыс беру жүргізу арқылы қабылданады.
27. Акционерлердің Жалпы жиналысына дауыс беру "бір акция – бір дауыс" қағидасы бойынша жүргізіледі, келесі жағдайларды қоспағанда:
 - 1) бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстың ең көп санын шектеу, Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен көзделген жағдайларды қоспағанда;
 - 2) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлаған кезде кумулятивтік дауыс беру;
 - 3) акционерлердің Жалпы жиналысына дауыс беруге құқылы әрбір тұлғаға акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі мәселелері бойынша бір дауыс бойынша.
28. Кумулятивтік дауыс беру кезінде акциялар бойынша дауыстар акционер арқылы Директорлар кеңесі мүшелігінің бір кандидатына толық берілетін немесе олардың арасында бірнеше кандидатқа бөлінуі мүмкін акционермен берілуі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланғандар деп оларға аса көп дауыс берілген кандидаттар танылады.
29. Егер дауыс беру іштей тәртіпте өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысында құпия тәсілмен жүргізілген жағдайда осындай дауыс беруге (әрі қарай осы тармақта – іштей құпия беру бюллетеньдері) бюллетеньдер дауыс беру құпия тәсілмен жүргізілетін әрбір жеке мәселе бойынша жасалуы тиіс. Және ішкі жасырын дауыс беру үшін бюллетень төмендегілерді қамтуы тиіс:
 - 1) жиналыстың күн тәртібінде сұрақты немесе оның реттік номерін құрастыру;

- 2) "иә", "қарсы", "қалыс қалды" сөздерімен білдірілетін немесе Банк органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру баламалары;
 - 3) акционерге тиесілі дауыс саны.
30. Іштей құпия дауыс беру бюллетеніне акционердің өзі бюллетенге қол қою қалауын білдірген, оның ішінде Банкке Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қойған мақсаттағы жағдайларды қоспағанда акционер қол қоймайды.
31. іштей құпия дауыс беру үшін бюллетеньдер бойынша дауыс есептеген кезде дауыс беруші бюллетенде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің маңызды баламаларының біреуі ғана белгіленген сол мәселелер бойынша ескеріледі.
32. акционерде дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікір болған жағдайда шот комиссиясы немесе ол болмаған жағдайда Банк акционерлерінің Жалпы жиналысының хатшысы хаттамаға тиісті жазбаны енгізуге міндетті.
33. Дауыс беру қорытындылары акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады, оның барысында дауыс беру өткізілді.
34. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына оларды қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, Сауда - саттықты ұйымдастырушының ресурсында-акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы жеткізіледі.
35. акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалуы және қол қойылуы керек.
36. акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасында мыналар көрсетіледі:
- 1) Банктің толық атауы және Басқарма орналасқан жер;
 - 2) акционерлердің Жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыты және орны;
 - 3) акционерлердің Жалпы жиналысына ұсынылған Банктің дауыс беруші акцияларының саны туралы мәліметтер;
 - 4) акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
 - 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) акционерлердің Жалпы жиналысына дауыс беру тәртібі;
 - 7) акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
 - 8) акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушылардың баяндамалары;

- 9) дауыс беруге қойылған акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің әр мәселесі бойынша акционерлер дауыстарының жалпы саны;
 - 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
 - 11) акционерлердің Жалпы жиналысында қабылданған шешімдер.
37. Жалпы жиналыста Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) сайлау туралы мәселе қаралған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысы хаттамасында сайланған Директорлар кеңесінің мүшесі қайсы акционердің өкілі болып табылатындығы және (немесе) сайланған Директорлар кеңесінің мүшесі тәуелсіз директоры болып табылатындығы көрсетіледі.
38. акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қол қояды:
- 1) акционерлердің Жалпы жиналысының Төрағасы (төралқа мүшелері) және хатшы;
 - 2) есептік комиссия мүшелері (болса).
39. осы баптың 38-т. көрсетілген қандай-да бір тұлға хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда осы адам хаттамаға тігілуге жататын бас тарту себебінің жазбаша түсініктемесін ұсынумен оған қол қоюдан бас тартуға құқылы.
40. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюдан бас тарту себебі бойынша жазбаша түсініктемемен, акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығы сенімхатымен бірге хаттамаға тігіледі.
41. осы баптың 40-т. көрсетілген құжаттар Басқармада сақталуы және кез келген уақытта акционерлерге танысуға берілуі тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.
42. акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне төмендегілер жатады:
- 1) Банктің Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа мазмұнда бекіту;
 - 1-2) Банктің орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын басымдықпен сатып алу құқығын қолданбай айқындау;
 - 2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

- 3) Банкті ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Банктің жарияланған акциялары санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттарын және тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 6) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;)
- 7-1) акцияларды бөлу туралы шешім қабылдау, осындай бөлудің шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
- 7-2) облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;
- 8) шот комиссиясының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ өз міндеттерін орындағаны үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы және шығындар өтемақысы төлемі мөлшерін және шарттарын белгілеу;
- 10) Банктің аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 11) жылдық қаржы есебін бекіту;
- 12) есептік қаржы жылына Банктің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жәй акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жәй акциясы есебінде дивиденд мөлшерін бекіту;
- 10) Банктің жәй және басымдықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 11) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 12) Банктің өзге заңды тұлғаларды құруда немесе қызметіне қатысуы немесе активтердің бөлігін немесе Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бесін және онан көп пайызын құрайтын сомадағы бірнеше бөлігін беру жолымен өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығару туралы шешім қабылдауы;
- 13) акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің акционерлеріне хабарлау түрін белгілеу;

- 14) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Банк оларды сатып алған жағдайда акциялар құнын белгілеу әдістемесіне (егер ол құрылтайшы жиналыспен бекітілген болса, әдістемені бекіту) өзгертулерді бекіту;
 - 15) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін белгілеу;
 - 16) Банктің нәтижесінде құны мәміле жасасу күніне акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының елу немесе онан көп пайызын құрайтын, нәтижесінде оның активтерінің баланстық құны жалпы мөлшерінен елу және онан да көп пайызы алынатын немесе иелігінен шығарылатын (алынуы немесе иелігінен шығарылуы мүмкін) қоғаммен мүлік алынатын немесе иелігінен шығарылатын (алынуы немесе иелігінен шығарылуы мүмкін) ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау;
 - 17) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылатын шешім қабылданатын өзге де мәселелер.
 - 18) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 19) егер мұндай тәртіп Банктің Жарғысында айқындалмаса, акционерлерге Банктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
 - 20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктің ірі мәміле жасасуы туралы шешім қабылдауы
43. осы баптың 42-т. 2, 3, 4 және 14.)тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер Банк акцияларының дауыс беруші жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.
- 43-1. Осы баптың 42-тармағының 7-2) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімі Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады
44. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен өзгедей белгіленбесе, өзге мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері дауыс беруге қатысушы Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының жәй көпшілігімен қабылданады.
45. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнама актілерімен өзгедей белгіленбесе, шешім қабылдау акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жататын мәселелерді өзге органдардың, Банктің лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне беруге болмайды.

46. Акционерлердің Жалпы жиналысы ішкі қызметке қатысты мәселелер бойынша Банктің өзге органдарының кез келген шешімін өзгертуге құқылы.

14-бап. Банктің Директорлар кеңесі

1. Директорлар кеңесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, банктік реттеу саласындағы заңнамамен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, банк қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
2. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және (немесе) осы Жарғымен өзгедей белгіленбесе, Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын айқындау немесе Банктің даму жоспарын бекіту;
 - 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешімдер қабылдау;
 - 3) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын айқындау;
 - 4) заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда Банктің акцияларын немесе Банктің жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;
 - 6) Директорлар кеңесі комитеттері туралы Ережені бекіту;
 - 7) Банк облигацияларын және туынды бағалы қағаздарды шығару шартын белгілеу, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 9) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктері мерзімін анықтау, оның төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы;
- 9-1) осы Жарғының негізінде Басқарма төрағасының өкілеттігіне ие Басқарма төрағасының міндеттерін атқарушыны Басқарма төрағасы Директорлар кеңесімен сайланбаған жағдайларда сайлау;».

- 10) Басқарма және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақылары мен еңбекақы төлемі және сыйақы шарттары мөлшерлерін белгілеу;
 - 11) басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның төрағасы мен басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 12) Директорлар кеңесі Басқарма Төрағасын сайламаған жағдайларда, осы Жарғы негізінде Басқарма Төрағасы өкілеттігі бар Басқарма төрағасының міндетін атқарушыны сайлау;
 - 13) қаржы есебі аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Банк акциясының төлеміне берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметіне төлем мөлшерін белгілеу;
 - 14) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқармамен қабылданатын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу шарттары мен тәртібі мен мен Банктің бағалы қағаздарына жазылуды белгілейтін ішкі құжаттар;
 - 15) Банк филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережені бекіту;
 - 16) Банкпен өзге заңды тұлғалар акцияларының он және онан да көп акциясын (жарғылық капиталға қатысу үлесі) алу (иелігінен шығару) туралы шешім қабылдауы;
 - 17) Банкке тиесілі акциялардың он және онан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлесі) заңды тұлғаның акционерлердің (қатысушылардың) Жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызметі мәселелері бойынша шешім қабылдау;
 - 18) оның меншік капиталының онын және онан да көп мөлшерін құрайтын шамаға Банк міндеттемелерін ұлғайту;
 - 19) Банк немесе қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
 - 20) ірі мәміле және жасасылуында Банкпен мүдделілік бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдау, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес жасасу туралы шешім қабылдау қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда;
 - 21) акционерлерді Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне қатысты емес Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен және (немесе) осы Жарғымен көзделген өзге де мәселелер.
3. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген талаптарға

сәйкес Банкте тәуекелді басқарудың тиімді жүйесін құруды бақылайды және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

4. Директорлар кеңесінің ерекші құзыретіне жататын мәселелер Басқармаға шешуге берілмейді.

Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы емес шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

5. Директорлар кеңесі тиісті:

- 1) лауазымды тұлғалардың және акционерлердің деңгейінде әлеуетті даулар мүддесін, оның ішінде Банк меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелер жасасу кезінде теріс пайдалану, қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға; ,

- 2) Банкте корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігіне бақылауды жүргізуге.

6. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға ғана болады. Директорлар кеңесінің мүшелері төмендегілерден сайланады:

- 1) акционерлер-жеке тұлғалардан;

